

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.70-71

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР МЕН АНТРОПОНИМДЕР

Хамитова А.

Қазақ топонимдері мен антропонимдерінің табиғатын ашу – бүгінгі күнгі қазақ тіл білімінің ең басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Зерттеудің нысаны: С.Сейфуллин шығармаларындағы топонимдер мен антропонимдер. Олардың мағыналық топтары, жасалу жолдары, морфологиялық тұлғалары, жалпы қазақ топонимдері мен антропонимдерінің зерттеу тарихы.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

- Жұмыстың негізгі мақсаты - С.Сейфуллин шығармаларындағы топонимдер мен антропонимдердің құрамын анықтау.

- Қазақ топонимикасы мен антропонимикасына байланысты жазылған ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, қаламгер шығармаларындағы ұшырасатын антропонимдердің топтарын анықтау.

- С.Сейфуллин шығармаларындағы араб-парсы, орыс және жалпы түркілік есімдер мен атауларды анықтау.

- С.Сейфуллин шығармаларындағы топонимдер мен антропонимдердің тұлғаларына талдау жасау.

- С.Сейфуллин шығармаларындағы топонимдер мен антропонимдердің мағыналық топтарын көрсету.

- С.Сейфуллин шығармаларындағы топонимдер мен антропонимдердің жасалу тәсілдерін көрсету.

- Топонимдер мен антропонимдердің қазақ лексикасын мағыналық жақтан баюына қосқан үлесін көрсету.

- Осы көрсетілгендердің негізінде С. Сейфуллин шығармаларының тілімізді байытудағы рөлін көрсету.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

- С. Сейфуллин шығармаларындағы кісі есімдерінің құрамын анықтай отырып, олардың қазақ тіліне кіру себептерін анықтау.

- Топонимдер мен антропонимдердің лексикалық қорды байытудағы рөлін танып білу.

- Шет тілдерден кірген кісі есімдерінің, соның негізінде пайда болған топонимикалық атаулардың себептерін танып білу.

- Топонимдер мен антропонимдердің тіл тарихына этнографияға байланысты жақтарын анықтау.

- Топонимдер мен антропонимдердің халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпына байланысты жақтарын ашып беру.
- Топонимдер мен антропонимдердің байланысын айқындау.
- Топонимдер мен антропонимдердің түркі және монғол тілдеріне ортақ жақтарын ашып беру.
- Топонимдер мен антропонимдердің ұлттық табиғатын аша отырып, олардың пайда болуындағы тарихи жағдайларға шолу жасалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Резуанова Ғ.Қ.